

ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аймағамбет Ә. А. – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 7М01501401-Биология мамандығының магистранты.

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы қарастырылады, білім берудің алдында жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарланған тұлғаны қалыптастыруды талап ететін міндеттер жайлы, еліміздің рухани мұрасын жандандыруға Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі айтылады.

Кілт сөздер: құндылық, қажеттілік, саясат, адамгершілік, рухани мұра, қоғам, өркениет, тәрбие, болашақ, мұғалім, мәртебе.

Маңызды болып табылатын адамның рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесі тарихтың бетбұрыс сәттерінде ерекше өзектілікке ие болды. Бүгінгі таңда Қазақстанда бұл педагогикалық проблема талқыланып қана қоймай, қоғамдық және мемлекеттік саясаттың тақырыбына айналды. Еліміздің қазіргі даму кезеңі сананы жаңғыртумен тығыз байланысты экономиканы жаңғыртумен сипатталады. Қазақстандық қоғамның алға қойған мақсаттарын табысты іске асыру үшін рухани және идеялық түпқазығы болуы керек.

Құндылықтар, әдетте, мәдени, этникалық, өркениеттік ерекшеліктерге, әлеуметтік ортаның қажеттіліктеріне байланысты бағдарламаланған нәтиже болып табылады. Қазақстан Республикасының қазіргі жастарының басты құндылық бағдарлары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында берілген. Елбасы өз мақаласында: «Рухани жаңғыру – бүгінгі күннің ең өзекті міндеті» деп атап өтеді[1].

Осыған байланысты қоғамдық сананың өзгеруі әрдайым мұғалімнің басты рөлін атқаратын білімнен басталатынын атап өткен жөн. Халық даналығы: «Мұғалім – ұлт пен қоғамды жасайды» дейді. Бүгінгі таңда осы бір дана сөзде педагогикалық мамандықтың әлеуметтік және гуманистік маңызы көрініс тапқан. Осылайша, мұғалімдердің қоғам өміріне белсенді қатысуы қоғамдық сананың рухани жандануына үлкен ықпал етеді.

Қазіргі заманғы қоғамның рухани жаңғыру жолдарын іздеу, Қазақстанның рухани мұрасына, классикалық отандық философтардың, зерттеушілердің, педагогтардың тәжірибесіне жүгіну әсіресе өзекті екені анық.

Қазақ халқының және қазіргі Қазақстанның тарихы мен мәдениетінде қазақ халқының қазіргі рухани өмірінің негізін қалаған үш көрнекті қайраткер – көрнекті ғалым және саяхатшы Шоқан Уәлиханов, ақын – ойшыл Абай Құнанбаев және педагог-ағартушы, жазушы Ыбырай Алтынсарин ерекше орын алады. Ыбырай Алтынсарин – заңды түрде балаларды оқыту және тәрбиелеу теориясының бастаушысы, революцияға дейінгі Қазақстандағы прогрессивті педагогикалық ойдың негізін қалаушы болып саналады.

Педагог-ағартушы ретінде Ы. Алтынсарин мектептің маңызы мен рөліне, сондай-ақ оқу және тәрбие үдерістерінің мақсаттарын іске асырудағы мұғалімнің әлеуметтік және адамгершілік миссиясына зор көңіл бөлді. «*Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, – деп жазды Ыбырай Алтынсарин, – барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі – осы, тек осы мектептерде*» [2, с. 326]. Сондықтан Ы. Алтынсариннің «*Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады*» [3]. деген сөздері бүгінгі күнге дейін өзекті.

Ы Алтынсариннің рухани-адамгершілік ілімі адамға деген сүйіспеншілік пен құрметтің асыл сезімімен, гуманизм сезімімен ұштасқан. Оның айтуынша, тәрбие сананы жақсылық айқын көрінетіндей етіп ағартуы керек, өйткені жақсылықта адам мен құрмет ерекше орын алады. Осы негізде Ы Алтынсарин балаларда жетілуге деген ұмтылысты тәрбиелеу және дамыту қажет деп санады.

Ы.Алтынсарин балаларда халық алдындағы, мемлекет, қоғам, отбасы, ұжым алдындағы, өзінің алдындағы борыш пен жауапкершілік сезімі сияқты қасиеттерді қалыптастыруды рухани-адамгершілік тәрбиенің міндеті деп санайды.

Өзінің ілімінде ол ұлы орыс педагогы К. Д. Ушинский айтқан жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесі туралы негізгі ережелерге сүйенді, яғни мұғалімнің жеке үлгісінің тәрбиелік мәні туралы; қажетті мәжбүрлеумен бірге негізгі тәрбие құралы ретінде сендіру туралы; педагогикалық әдептіліктің тәрбиелік мәні туралы; білім берудегі жетістікке жетудің қажетті құралы ретінде алдын-алу шаралары туралы; көтермелеу және жазалау туралы ережелер. Ол рухани-адамгершілік тәрбие әдістемесі тәрбиенің мақсаттары мен мазмұнынан бөлек мүмкін емес екенін атап өтті, өйткені моральдық тәрбиенің мақсаты мен мазмұны оның әдістемесін анықтайды [4].

Ы. Алтынсариннің пікірінше, рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызды құралы-мұғалімнің сөзі. Мұғалім педагогикалық сөзінде өзінің мәдениетін, адамгершілігін, оқушыға деген көзқарасын білдіреді.

Оқушылар шыншыл, адал сөзді өте нәзік сезінеді, оған сезімтал жауап береді. Мұғалімнің сөзінде оның жай-күйі ғана емес, сонымен бірге эмоционалды мәдениеті де көрінеді. Ақылды және мейірімді сөз қуаныш әкеледі; дәрекі және зұлымдыққа толы, ойланбаған сөздер қиындық тудырады.

Ы. Алтынсарин әдебиетті адамгершілік тәрбиенің маңызды құралдарына жатқызды. Ол әдебиет өмірмен тығыз байланысты болуы керек, оның жақсы және жаман жақтарын көрсетуі керек, адамдардың санасын оятып, адамгершілік өзін-өзі жетілдірудің жолдары мен формаларын көрсетуі керек деп есептеді. Әдебиетке деген бұл тамаша талап автордың өзінің «Қырғыз хрестоматиясында» толық сақталған. Оның «Хрестоматиясы» «нақты білім мен пайдалы ақпарат беретін ғылыми және маңызды нұсқаулықтарға» жол сілтеуші рөлін атқарды [5].

Ы. Алтынсарин ауызша халық шығармашылығына ерекше мән бере отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде сан ғасырлық даналықты қамтитын қазақтың әдет-ғұрыптарын, мақал-мәтелдерін пайдаланды. Көріп отырғанымыздай, Ы.Алтынсариннің тұлғаның рухани-адамгершілік дамуындағы мұғалімнің рөлі туралы көзқарасы оның заманында ең озық болды.

Осылайша, Ы Алтынсарин тұлғаның рухани адамгершілік қалыптасуының маңызды жағдайларына мұғалімнің оқушыларды адамгершілік тәрбиесіне дайындығын; педагогикалық әдептілікті, коммуникативтік қабілеттерді, сөзді меңгеруін; пәнді білуін; адамгершілік тазалығын; тұрмыстағы мінсіз мінез-құлқын жатқызады.

Қ.Жарықбаевтың айтуынша, қазақ психологиялық-педагогикалық ойының тарихында Ы. Алтынсариннен басқа, педагог-тәрбиешінің рөлі туралы көптеген құнды пікірлер айтып кеткен тұлғаны табу қиын шығар. Сондықтан Ы. Алтынсаринді Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері деп атап өткен, профессор Т. Тәжібаев өте дұрыс айтқан.

Қазақ ойшылының ойлары, идеялары, тұжырымдары, XIX ғасыр ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы білім берудің алдында жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған тұлғаны қалыптастыруды талап ететін міндеттер тұрған уақытта да өзекті.

Осылайша, өткен ғасырдың ұлы қазақ педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің бүгінгі таңдағы ойлары өзінің маңызын жоғалтқан жоқ, яғни:

- ✓ мұғалімнің моральдық тәрбиеге деген тұрақты қамқорлығы балада ең жақсы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады, ал жақсы тәрбиеленген бала кейіннен парасатты адам болып қала береді;
- ✓ адамгершілік тәрбиенің негізгі құралдары-ересектердің еңбегі мен үлгісі;
- ✓ тәрбие балаға деген сүйіспеншілікке және оның тұлғасын құрметтеуге негізделуі керек;
- ✓ адамгершілік тәрбиенің мазмұны-патриотизм, гуманизм, адалдық, қарапайымдылық, әділеттілік, жауапкершілік.

Қазақстанның рухани мұрасы бізді жалпыадамзаттық құндылықтарға бағыттайды, оның өмірдегі маңызын түсіну әрбір болашақ педагог үшін, біз үшін студенттер үшін негізгі борыш болып табылады. Еліміздің кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтің тұлға ретінде рухани және адамгершілік дамуына бағдарлана отырып, жоғары білікті кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Өйткені, балаға рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру үшін мұғалімнің өзі жоғары рухани құндылықтардың тасымалдаушысы болуы керек. Сондықтан, мұғалімдік мамандықтың қазіргі қоғамдағы мәртебесі туралы айту үшін оның басқа мамандықтарға қарағандағы әлеуметтік құндылығын, оның қоғамдағы орны мен рөлін, педагогтің білімі мен біліктілігі мәселелерін тереңірек қарастырған жөн. Сонымен қатар, мұғалім мәртебесін көтеретін – мұғалімнің өзі ғана. Кәсіби жақтан жоғары білікті, өзінің шығармашылығы мен біліктілігін үнемі көтеріп отыратын жаңашыл, жаңалыққа жақын мұғалім ғана қоғамда жоғары мәртебе иесі болып, беделі артатындығы рас.

Сондай ақ, еліміздегі «Педагог мәртебесі туралы» Заң – бұл мұғалімдердің құқықтарын қорғауға бағытталған, олардың негізгі міндеттері мен әлеуметтік кепілдіктерін айқындайтын теңдессіз заңнамалық акт. «Педагог мәртебесі туралы» Заң Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша әзірленді [6]. Бұдан басқа, осы заңды әзірлеу және қабылдау Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бағдарламалық платформасында көзделген болатын. Педагог қызметкерлерге жүктемені төмендету, оларды өзіне тән емес функциялардан қорғау және шамадан тыс есептілік бөлігінде тікелей тапсырмалар болды. Осы тапсырмалардың барлығы осы Заңда көрініс тапты.

Даңқты жазушы М.Әуезов Ыбырай туралы: «Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды» деп жазған. XIX ғасырда Торғай топырағында дүниеге келіп, қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-ұстаз, педагог-энтузиаст, ойшыл, жазушы-ғалым Ыбырай Алтынсариннің есімі әліппе ұстаған, оқу-ілім іздеген әрбір қазақ баласына таныс. Өз заманының озық ойлы, прогресшіл, интернационалдық көзқарастағы азаматы болды [7].

Осылайша, педагогтың 180 жылдығы аясында Ыбырай Алтынсариннің тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі мұғалімнің рөлі туралы көзқарастарының өзектілігін зерттеу Алтынсариннің шығармашылық әлеуетін қайта және жаңа ауқымда бағалауға, оның білімі мен педагогикалық тұтас және бірегей жүйесін қазіргі кезеңде және болашақта пайдалануға мүмкіндік береді.

Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады [8]. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. **Назарбаев Н.А.** Семь граней Великой степи // Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи, 2018. URL: <https://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi->
2. **Алтынсарин И.** Избранные произведения. – Алма-Ата.: АПН, 1957.
3. https://alashainasy.kz/okushy_portfolio/ustazdar-turalyi-kanattyi-sozder-60211/
4. **Ситдыков А.С.** Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. – Алма-Ата.: МЕКТЕП, 1968. – 148 с.
5. **Алтынсарин И.** Избранные произведения. – Алма-Ата.: АПН, 1943. – 357 с.
6. <https://primeminister.kz/ru/news/interviews/realizaciya-zakona-o-statuse-pedagoga-i-povyshenie-prestizha-kazahstanskih-uchiteley-intervyu-s-b-asylovoj>
7. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>
8. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Амиртаева М. Н. – бастауыш сынып мұғалімі, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп – гимназиясы» КММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы.

Мақалада Қазақстанда білім беру жүйесінің қалыптасуы, Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесі жайлы айтылады.

Кілт сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ұлы ұстаз, мектеп, оқулық, тәрбие, еңбек, тәртіп, педагогикалық идея, қабілет.

Білім беру саласындағы өзгерістер, ұлттық ерекшелікті ескеру, даралап, саралап оқыту бүгінгі буынның басты мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының маңызы ерекше.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан алғашқы мамандардың бірі. Ол ХІХ ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іске асыруды ұйымдастыруға белсене араласты. Ең алдымен, ғалым-педагог халықты дін ықпалынан босатып, ғылыми дүниетанымының қалыптасуын жеделдетуді ұсынды. Дүниетанымы кең адам қоршаған орта мен әлеуметтік-мәдени даму кеңістігінде еркін де батыл қимылдар жасай алады. Сондай-ақ, ғалым-педагог білім беруді ұйымдастырудағы өзінің негізгі принциптерін ұсынды.

Ыбырай Алтынсариннің ХІХ ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ ғасырдың бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін бірде-бір жоғалтқан жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын жаңа мазмұнға ие болып, жаңара, жандана түсуде десек қателеспеспіз. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын дәлелдей түседі.

Ыбырай Алтынсарин, бізге, ұстаздарға, яғни өз халқының ұрпақтарына сеніп кеткен тарихи тұлға. Міне, қазір біз Ыбырай атамның педагогикалық көзқарастарының қанша уақыт өтсе де жанданып, осы күнге дейін жүзеге асқанын айқын көріп отырмыз. Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқытуды, негізінен, ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалары оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алды. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда тіл-дамыту, екінші сатыда әліппе бойынша оқыту, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сынды жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін оқытуы аударма әдісін пайдаланып, екі тілде еркін сөйлеу, ойлау, сөзді үйретуден бастауында екен.

Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршеңдігін танытып отыр. Білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, оқушыларды кәсіптік бағдарлау және де тағы басқа ұстанымдар осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармаларында көрініс тапқан. Оның педагогикалық көзқарасында ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беруі мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан